

## Олимпиадалық резерв училищелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 қыркүйек N 1143

"Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы N 2261 U952261\_ Жарлығын орындау және "Қазақстан Республикасының спортшыларын 1994, 1996 жылдардағы кезекті Олимпиадалық және Азиялық ойындарға даярлау бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1013 P931013\_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі республикалық N 1 және 2 олимпиадалық резерв училищелерін 1996 жылдың 1 қазанынан бастап Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігінің қарамағына берсін.

2. "Қазақстан Республикасында білім беруді басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 шілдедегі N 940 қаулысының қосымшасына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 23, 269-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің қарамағына берілген салалық министрліктер мен ведомстволардың оқу орындарының тізбесінен:

Республикалық N 1 олимпиадалық резерв училищесі

Республикалық N 2 олимпиадалық резерв училищесі алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Білім министрлігі және Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі бекітілген 1996 жылға арналған қаржыландыру жоспарлары мен ашылған кредиттерге қажетті өзгертулер енгізісін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі